

С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА

Тақырыбы: «100 нақты қадам» бағдарламасы



Орындаған Сәтбай М. Байназарова А.
Қабылдаған: Сатаева Л. Г.
Курс: 3
Факультет: МПД-13-00-01

«ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің пайымдауынша, келешекте түрлі аурулармен ауыратын қарт адамдар көп болады. Оларға емханаға жатқызудың қазіргі жүйесінен басқаша емдеу жүйесі керек болады, сондықтан қазірден бастап инфекциялық ауруханаларға деген қажеттілік азаяды, есесіне онкологиялық көмекке деген қолжетімділікті кеңейту қажет». Сонымен қатар сарапшы, медицина қызметкерлерінің жеке жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ еңбек ресурстарының тиімділігін көтеруге бағытталған ҚР Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына жиырма қадам» бағдарламалық мақаласы маңызды бастама екенін атап өтті.



- «Денсаулық сақтау жүйесін кешенді реформалау - әлеуметтік жаңартудың ажырамас бөлшегі және ол әрбір азаматтың өз денсаулығы үшін жауапты екендігінің кепілі. Бұл шара еңбек өнімділігін арттыруға сеп болады және жалпы алғанда еліміздің экономикалық дамуына үлес қосады».
- Дүниежүзілік қайта құру және даму банкінің «Технологиялар беру және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау секторында институционалдық реформалар жүргізу» атты жобасының аясында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі халықаралық консалтингтік компаниясымен бірлесіп халықаралық стандарттарға сәйкес 2020 жылға дейінгі кезеңде аурухана секторын дамыту стратегиясының (медициналық көмек көрсетудің деңгейлері бойынша) жобасын іске асыруда.



- «100 нақты қадам» – бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары.
- Бұл ерекше құжатта мемлекеттің, қоғамның алдында орындалуы аса қажет болып тұрған бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жолдары көрсетілген.
- Бірінші институционалдық реформаны, яғни «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру» үшін 15 нақты қадам белгіленген. Құжаттың осы бөлімінде кадрларды іріктеудің, бағалаудың нәтижесінде жоғарлаудың жолдары қарастырылған. Құжаттың кадрдан басталуы дұрыс та. Өйткені, еліміздің әлеуметтік – экономикасының дамуы олардың біліктілігіне, іскерлігіне халық алдындағы адалдығына тікелей байланысты. Ілгергі қалыптасқан тәжірибеде тағайындалған басшы, ол өз ретінде мемлекеттік қызметтегі бұрынғы кадрлардың барлығын жаңартуға тырысатын. Соның салдарынан жаңа лауазымға тәжірибесі аз, біліктілігі төмен кадрлар қызметке қабылданып жататын. «Жүз нақты қадам» талабы, бұдан бөлек. Онда «Мемлекеттік қызметке қабылдау төменгі лауазымдардан басталуы тиіс» және ол «Іскерлік қасиеттер негізінде жүзеге асырылуы тиіс» деп көрсетілген. Қала берді, мемлекеттік қызметке бірінші рет қабылданушылар үшін міндетті түрде үш және алты айлық сынақ мерзімі белгіленбек. Сол арқылы қызметке сәйкестілігі анықталмақ. Бұл қадам кадрлар даярлау, лауазымға ұсыну кезінде олардың өмір тәжірибесіне ден қойылып, оларды ағайын-туыстық, рулық, дос-жарандық жолымен іріктеуге тыйым салынбақ.

- «100 нақты қадам» елімізде «2050 – Стратегиясын» жүзеге асыру мен Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, жолдан адаспауға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын беріктік қорын жасап беретін болады. Жоспардың негізгі мақсаты «аурулардың сыртқы белгілерін» сылап-сипап қою емес, оларды «жүйелі емдеу» болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайды» делінген бағдарламалық құжаттың 1-қадамы – Мемлекеттік қызметке қабылдау ресімдерін жаңғыртуға арналған. Онда: Мемлекеттік қызметке қабылдау төменгі лауазымдардан басталуы тиіс екені атап өтілген. 2 қадамда «Төменгі лауазымдарға кандидаттарды реттеу және одан әрі лауазымдық өсу іскерлік қасиеттер негізінде жүзеге асырылуы тиіс» деген міндет қойылып отыр. 3-қадам туралы айтатын болсақ, мұнда: «Қазақстан республикасының мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің рөлін арттыру» мәселесі бойынша орындалуы тиіс міндеттер жан-жақты баяндалған.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАН



XXI ғасырдың ортасына қарай Қазақстанның әлемдегі аса дамыған **30** мемлекеттің қатарына қосылуы жоспарланды.



Жаңа арманға қарай жақындау үшін Бес институттық реформаны жүзеге асыру бойынша **100** нақты қадам – Ұлт жоспары жасалды.

Бұл жоспар Қазақстанды, оның экономикасын, мемлекет пен қоғамды өзгертетін тарихи міндеттер кешенін шешеді.

*Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласы.
6 қаңтар, 2016 жыл.*

- «100 нақты қадам» - Ұлт көшбасшысымен әзірленген және жаңа ішкі және сыртқы жағдайларда Стратегия-2050 орындауға бағытталған егжей-тегжейлі ұлттық жоспар. Бірегей құжат негізгі салалардың барлығын, экономиканы диверсификациялаудан бастап қазақстандық бірдейлікті дамытуға дейін қамтып отыр. Келесі қадам – экономиканың бастапқы секторларында «зәкірлі инвесторлары» - халықаралық стратегиялық серіктестері бар бірлескен кәсіпорындарды (БК) құру. Оңтайлы мысалдар бізде бар – «Эйр Астана», «Тенгизшевройл», «Дженерал Электрик» бесінші буынның локомотивтерін құру бойынша завод. Бұдан әрі бірлескен кәсіпорындардағы мемлекеттің үлесі IPO (акцияларды алғашқы орналастыру) шығарылатын болады. Ашып айтқанда оңтайлы жағдайларды жасап өндіру саласында тұрақты рентабельді бизнес өсіру, содан кейін оны бәсекелестік ортаға тапсыру.

Қорытынды

- Қорыта келгенде, «100 нақты қадам» атты жоспар елімізді тағы бір белеске көтеруге қызмет етеді. Оған күмәнім жоқ. Өйткені біз бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу міндетін алға қойғанбыз. Ол жетістікке қол жеткіздік. Әлемдік институттар барлық көрсеткіштер бойынша табыстарымызды көрсетіп отыр. Өзінің «100 нақты қадам» арқылы Елбасы өркендеген, бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосылу міндетін қойды, жолдарын көрсетті.
- Ол мақсатқа жету үшін барлығымыз бір үйдің баласындай жұмыла жұмыс атқаратын боламыз. Аудан әкімдігі өзінің іс-әрекеттерін осыған бағыттап, Елбасы қойған асқаралы міндеттерді жүзеге асыруға белсенді түрде қатысуға ауданның барша халқын шақырып отыр. Осы залда қатысып отырғандар шет қалмайтындығына сенімім зор.